

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы



Aceline LightPods Lite TWS гарнитурасы

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.


Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

TWS гарнитурасы - байланыс жүйелерінің аксессуары, ол оператордың (пайдаланушының) басына немесе киіміне бекіту элементтері бар, оның қолдарын бос қалдыратын бас телефондардың микрофонмен үйлесуінен тұрады.

Мазмұны

Құрылғы схемасы	4
Bluetooth бойынша қосу	5
TWS-жұптастыру	5
Негізгі функциялар	6
Қоңырауларды басқару	7
Кейсті зарядтау	8
PTWS гарнитураны зарядтау	8
Зарядка TWS гарнитурасы	9
Техникалық сипаттамалары	10
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	11
Кепілдік міндеттемелер	12
Қосымша ақпарат	13

Құрылғы схемасы



1. Динамик.
2. Көп функционалды батырма.
3. Алдыңғы қосылымдарды жалғау және өшіру батырмасы.

Bluetooth бойынша қосу

1. Бастапқы құрылғыда Bluetooth-ді қосыңыз.
2. Зарядтау кейсінің қақпағын ашыңыз.
3. Зарядтау кейсінен гарнитураны алыңыз.
4. Жұптастыруға болатын құрылғылар тізімінен "LightPods Lite" таңдаңыз.
5. Егер құлаққпатардың бірі ойнамаса, ондағы батырманы 8 секунд бойы басып, құлаққапты кейсіне салып, қайта алып шығу қажет.

TWS-жұптастыру

Aceline LightPods Lite

гарнитурасын алғаш рет қолданған кезде, екі құлаққап та TWS жұбын құрайды. TWS жұбын қайта құру үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Екі құлаққапты зарядтау кейсінен алыңыз.
2. Екі құлаққапты да зауыттық параметрлерге қалпына келтіріп, екі құлаққаптағы батырмаларды 8 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін екі құлаққапты да зарядтау кейсіне қайта салыңыз.
3. Екі құлаққапты зарядтау кейсінен алыңыз. 5 секунд ішінде құлаққаптар TWS жұбын құрайды және пайдалануға дайын.

Негізгі функциялар

1. Ойнату / пауза: құлаққаптардың кез-келгенінде көп функционалды батырманы бір рет басыңыз.
2. Алдыңғы / Келесі трек: сол жақ/оң жақ құлаққаптың көп функционалды батырмасын сәйкесінше екі рет басыңыз.
3. Дыбыс қаттылығын төмендету/жоғарылату: сол жақ / оң жақ құлаққаптың көп функционалды батырмасын үш рет басыңыз.
4. Дауыстық көмекшіні іске қосу: кез-келген құлаққаптағы көп функционалды батырманы 3 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.
5. Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру: құлаққаптардың кез-келгеніндегі көп функционалды батырманы 8 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.

Қоңырауларды басқару

Кіріс қоңырауы кезінде аудионы ойнату автоматты түрде тоқтайды.

- Кіріс қоңырауға жауап беру үшін құлаққаптардың кез-келгенінде көп функционалды батырманы бір рет басыңыз.
- Кіріс қоңырауды басып тастау үшін құлаққаптардың кез-келгенінде көп функционалды батырманы 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.
- Қоңырауды аяқтау тастау үшін құлаққаптардың кез-келгенінде көп функционалды батырманы 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.
- Соңғы қоңырауға қайта қоңырау шалу үшін құлаққаптардың кез-келгенінде көп функционалды батырманы 4 рет басыңыз.
- Параллель қоңырауға жауап беру үшін, құлаққаптардың кез келгенінде көп функционалды батырманы екі рет басыңыз.

Кейсті зарядтау

1. Бірінші қолдану алдында кейсті толықтай зарядтаңыз.
2. Жеткізілім жиынтығына кіретін кәбілді пайдаланып, зарядтау кейсін қуат көзіне қосыңыз.
3. Зарядтаудың барлық процессі кезінде қызылжарық индикаторы жыпылықтайды және аяқталғанда жыпылықтамайды.
Зарядтың толық циклі уақыты - 2 сағатқа жуық.
4. Зарядтау процессі аяқталғаннан кейін құрылғыны желіден өшіріңіз. Жарық индикаторы өшеді.

TWS гарнитураны зарядтау

1. Бірінші қолдану алдында гарнитурды толықтай зарядтаңыз.
2. Гарнитураны зарядтау кейсіне салыңыз, гарнитураның зарядтау порттарының кейс контактілеріне қосылу тығыздығына көз жеткізіңіз.

Ескерту: гарнитурамен бірге келетін түпнұсқа зарядтау кәбілін ғана пайдаланыңыз.

3. Гарнитураның зарядталуы автоматты түрде жүреді, кейстің жарық индикаторы көк түспен жанып тұратын болады. Зарядтың толық циклі уақыты - 60 минутқа жуық.
4. Зарядтау кейсінің индикаторы зарядтау процесі аяқталғаннан кейін 2 минуттан кейін сөнеді.

Ескерту: егер зарядтау процесі басталмаған жағдайда, гарнитураны зарядтау кейсінен шығарып, қайтадан салыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: LightPods Lite.
- Кейсті қуаттау параметрлері: DC, 5 В, 0,25 А.
- Жұмысшы кернеуі: 3.7 В.
- Гарнитура батареясының сыйымдылығы: 35 мА•сағ.
- Зарядтау кейсі батареясының сыйымдылығы: 300 мА•сағ.
- Мембрана диаметрі: 10 мм.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth хаттамасы: HFP, HSP, A2DP, AVRCP.
- Bluetooth-сигналдың радиусы: 10 м дейін.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдығы: 95 ± 3 дБ.
- Динамиктер саны: 2.
- Кедергі: $32 \pm 15\%$ Ом.
- Микрофонның сезімталдығы: -42 ± 3 дБ.
- Үйлесімді ОЖ: iOS, Android.
- Жұмыс уақыты:
 - 80% көлемінде 3 сағатқа дейін;
 - 100% көлемінде 2.5 сағатқа дейін.
- Кейстің зарядталу уақыты: 120 минутқа дейін.
- Гарнитураны зарядтау циклінің саны: 3.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы +5 °С-тан бастап +40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыларды тасымалдау құрғақ ортада іске асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейіноны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұл бұйымды кәдеге жарату жергілікті нормалар мен қалдықтарды қайта өңдеу бойынша ережелерге сай іске асырылуы тиіс. Бұйымдарды кәдеге жарату қалдықтарды бақылаусыз тастамау және материалдық ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға көмектеседі.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдаланған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстырудан тұрады. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Мойин Акустик Ко., Лтд
Жэюань өнеркәсіптік паркі, №28, Н ғимараты, 2 қабат, Цинтан тас жолы, Юганьпу ауылы, Фэнган, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өнімнің сыртқы түрі, оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

Тауар ЕАЭО КР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



V.5

